

А.Б. Салқынбай*  , Б.К. Каспихан 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: asalkbek@gmail.com

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ЛАУАЗЫМ АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

Көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін лауазым атаулары ортағасырлық түркі мемлекеттерінің әкімшілік құрылымынан, саяси жағдайынан хабар береді. Лауазым атаулары түркі халықтарының тарихы, әдебиеті туралы жазылған ғылыми еңбектерде талданғанымен, лауазым атауларының этимологиясы, жасалу жолы, қазіргі түркі тілдерінде сақталуы – зерттеуді қажет ететін өзекті тақырып.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі лауазым атауларын жүйелеп, олардың шығу тегі мен жасалу жолын анықтау жұмыстың мақсаты ретінде алынды. Түркітанушы ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, жазба мұралардағы лауазымдарды жүйелеу жолдары сараланды.

Орхон бойынан табылған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Күлічор, Мойынчор, Онгин сияқты көлемді жазба ескерткіштер мен Енисей бойынан табылған эпитафиялық ескерткіштер басты дереккөз ретінде алынып, мәтіндерде кездесетін жоғары, әкімшілік және әскери лауазымдар талданады. Жұмыс барысында атаулардың мағыналық қыры талданып, мәтіндегі қолданысына назар аударылды. Жазба ескерткіштерінде кездесетін *qayan*, *qan*, *šad*, *tägin*, *tarhan*, *bäg* сияқты лауазым атауларының этимологиясы туралы пікірлер жүйеленіп, Орхон және Енисей бойындағы ескерткіштерде кездесу жиілігі анықталды. Зерттеу жұмысының нәтижелерін көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі, көне қазақ тілі, қазақ тілінің тарихи грамматикасы сияқты курстардың семинар сабақтарында пайдалануға болады, ортағасырлық мемлекеттердің басқару жүйесіне байланысты зерттеулерде қолдануға болады.

Түйін сөздер: Орхон ескерткіштері, лауазым атаулары, қаған, бек, көк түріктердің басқару жүйесі.

A.B. Salkynbay*, B.K. Kaspikhan

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: asalkbek@gmail.com

Origin of Titles in Ancient Turkic Written Inscriptions

Titles of positions found in ancient Turkic inscriptions provide insight into the administrative structure and political conditions of medieval Turkic states. Although these titles have been analyzed in scholarly works on the history and literature of Turkic peoples, the etymology of these titles, their formation, and their preservation in modern Turkic languages remain relevant topics for further research.

The aim of this study is to systematize the titles of positions found in ancient Turkic inscriptions and to determine their origins and methods of formation. A review of Turkological works was conducted, and the methods for classifying these titles in written sources were analyzed.

The main sources include extensive inscriptions found along the Orkhon River, such as those of Kül Tegin, Bilge Qaghan, Tonyukuk, Küli Chor, Moyun Chor, Ongin, as well as epitaphs discovered in the Yenisei Valley. The texts examine high-ranking, administrative, and military titles. A semantic analysis of these titles was conducted, focusing on their usage in the texts. Opinions on the etymology of titles such as *qayan*, *qan*, *šad*, *tägin*, *tarhan*, and *bäg* were organized, and the frequency of their occurrence in the Orkhon and Yenisei inscriptions was identified.

The results of this research can be used in seminar courses on topics such as the language of ancient Turkic inscriptions, Old Kazakh, and the historical grammar of the Kazakh language, as well as in studies related to the governance systems of medieval states.

Keywords: Orkhon inscriptions, titles of positions, qaghan, beg, governance system of the Blue Turks.

А.Б. Салкынбай*, Б.К. Каспихан

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: asalkbek@gmail.com

Происхождение названий должностей в древнетюркских письменных памятниках

Названия должностей, встречающиеся в древнетюркских письменных памятниках, дают представление об административном устройстве и политической ситуации средневековых тюркских государств. Хотя названия должностей анализировались в научных работах, посвящённых истории и литературе тюркских народов, этимология этих названий, их формирование и сохранение в современных тюркских языках остаются актуальными темами для исследований.

Целью работы является систематизация названий должностей, встречающихся в древнетюркских письменных памятниках, а также определение их происхождения и способов формирования. Проведен обзор трудов тюркологов и проанализированы методы систематизации должностей в письменных источниках.

Основными источниками послужили крупные письменные памятники, найденные на берегах Орхона, такие как Кюль-тегин, Бильге-каган, Тоньюкук, Кюличор, Мойнчор, Онгин, а также эпитафии, найденные в долине Енисея. В текстах исследованы высшие, административные и военные должности. В ходе работы был проведен семантический анализ этих названий с учётом их использования в текстах. Систематизированы мнения об этимологии таких должностей, как *qaγan*, *qan*, *šad*, *tägin*, *tarhan*, *bäg*, и выявлена частота их упоминания в памятниках Орхона и Енисея.

Результаты исследования могут быть использованы в семинарских занятиях по курсам, таким как язык древнетюркских письменных памятников, древнеказахский язык и историческая грамматика казахского языка, а также в исследованиях, посвящённых системе управления средневековых государств.

Ключевые слова: Орхонские памятники, названия должностей, каган, бек, система управления голубых тюрков.

Кіріспе

Көне түркі дәуіріне тән лауазым атаулары ортағасырлық түркі мемлекеттерінің әкімшілік құрылымынан, саяси жағдайынан хабар береді. Лауазым атаулары – түркі халықтарының тарихы, әдебиеті туралы жазылған ғылыми еңбектерде талданғанымен, лауазым атауларының этимологиясы, жасалу жолы, қазіргі түркі тілдерінде сақталуы зерттеуді қажет ететін өзекті тақырып. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі лауазым атаулары туралы алғашқы ғылыми пікірлерді ескерткіш мәтіндерін оқып, талдаған В. Томсен, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, В. Бартольд, А.Н. Бернштам, Г.Й. Рамstedт, т.б. ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады.

Түбі бір түркі халықтарына ортақ жазба ескерткіштердегі атаулардың мағынасына үңілу арқылы түркілік таныммен танысуға жол ашылады. Ескерткіштерде кездесетін лауазым атаулары қоғамдық құрылыстан хабар беріп қана қоймай, сол дәуірдегі қоғамдық сананың деңгейін де көрсетеді. Билеушілер мен ел басшылары тарапынан жазылған көлемді мәтіндерден де, эпитафиялық сипаттағы қысқа Енисей ескерткіштерінен де лауазым атауларының жиі кездесуі лауазым атауларының жалпыхалықтық си-

патының, кең қолданылғанының айғағы болады. Әкімшілік және әскери лауазым атауларының бірнеше сатыдан тұруы, ескерткіш мәтіндерінде жиі кездесуі басқарудың жүйелілігін, тұрақтылығын көрсетеді.

Орхон-Енисей ескерткіштерінде кездесетін лауазым атауларын жүйелеп, олардың шығу тегі мен жасалу жолын анықтау жұмыстың мақсаты ретінде алынды. Жұмыс барысында лауазым атауларының жүйеленуіне шолу жасауға, атаулардың этимологиясын анықтап, жасалу жолын көрсетуге, уәжін анықтауға, кірме лауазым атаулары мен төл лауазым атауларын саралауға тырыстық.

Материалдар мен әдістер

Мақалада көне түркі жазба ескерткіштері термині VII-X ғ. көне түркі жазуымен жазылған эпиграфикалық ескерткіштерді атауда қолданылды. Түркі филологиясында көне түркі жазуын көне түркі руникасы, көк түрік жазуы, түрік бітік, руникалық жазу, рунатәріздес жазу деп те атап жүр. Ғылыми әдебиеттерде сына жазу, ойма жазу, күлбізілік жазу деген атаулар да кездеседі. И.Л. Кызласов түріктер өз жазуын буындық мағына беретін кезеңде *üsik~üzik* (*үзік, үзінді, буын*)

деп атаған деген пікір білдіреді (Кызласов, 2011: 72). Н. Базылхан аталған терминдердің орнына түрік бітік деп атауды ұсынады (Қазақстан тарихы..., 2005: 13). Көне түркі тіліндегі «жазу» деген мағынаны білдіретін *bitik* сөзіне негізделген зерттеуші ұсынған терминнің де ұтымды тұстары бар. Дегенмен, осы жұмыстың аясында көне түркі жазуы арқылы таңбаланған ескерткіштерді ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан дәстүр бойынша көне түркі жазба ескерткіштері деген атауды қолдануды жөн деп таптық. Көне түркі жазбалары тастан қашалған үлкен ұстындарда, бітіктастарда, жартас беттерінде, ағаш пен сүйектен жасалған бұйымдарда, күмістен жасалған әшекейлер мен тұрмыстық бұйымдарда, қағаз бетіне түскен ескерткіштерде кездеседі.

Жұмыс барысында бастапқы дереккөздер ретінде Орхон бойынан табылған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Күлічор, Мойынчор, Онгин сияқты көлемді жазба ескерткіштер мен Енисей бойынан табылған эпиграфиялық ескерткіштер алынды. Орхон бойынан табылған көлемді жазба ескерткіштерді негізгі дереккөз ретінде алудың бірнеше себебі бар. Біріншіден, Орхон бойынан табылған ескерткіштер ел билеген билеушілердің, қағандардың атынан жазылған. Мәселен, Күлтегін мен Білге қаған ескерткіштерін Білге қағанның атынан Йолығ тегіннің жазғанын мәтіннен білеміз. Сол сияқты өз заманында үш қағанға кеңесші болған Тоныкөктің өз атынан жазылған ескерткіште де әртүрлі лауазым атаулары кездеседі. Екіншіден, ескерткіштердің мәтінінде тарихи оқиғалар мен шайқастар, қағандар мен тарихи тұлғалардың еңбегі сипатталғандықтан, лауазым атаулары жиі кездеседі. Үшіншіден, ескерткіш мәтіні көлемді болғандықтан, лауазым атауларының түрлі контексте қандай мағынада қолданылғанын анықтауға болады. Енисей бойынан табылған ескерткіштерді де дереккөз ретінде алудың өзіндік себептері бар. Енисей ескерткіштері эпиграфиялық сипатта болғандықтан, мәтінде жергілікті билеушілердің есімдері мен істеген істері баяндалады, лауазымдары да кездеседі.

Лауазым атауларын талдау барысында лексикографиялық еңбектер пайдаланылды. Жұмыс барысында атаулардың семантикасын, жасалу жолдарын, шығу тегін анықтауға тырыстық. Лауазым атауларының уәжделуіне назар аудардық. Лауазым атауларының ескерткіш мәтіндерінде кездесу жиілігін анықтау үшін сандық зерттеу әдістері де пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу

Көне түркі жазба ескерткіштерінің алғашқы аудармаларын жасап, жариялаған ғалымдар В. Томсен, В. Радлов, П.М. Мелиоранский еңбектерінде лауазым атауларына қатысты түсініктемелер берілген. В. Томсен түркілерде лауазым иелері *bujruq* деп аталған деп, оларға қаған тұқымынан тараған ханзада *tägin*, жоғары лауазымдарға *jabyu* мен *šad*, жаулап алған тайпаларды басқарған *ältäbir* және *apa*, *tarqan*, *čur*, *tudun* сияқты лауазымдарды жатқызады (Thomsen, 1924: 130). П.М. Мелиоранский (1898) ақсүйектер қатарына бірінші кезекте хан тұқымынан шыққан *inijägün* мен *oylan*-дарды, одан кейін *šadapit* мен *tarqan-bujruq* сияқты лауазымдарды жатқызады.

Лауазым атаулары туралы ғылыми пікірлерді В.В. Бартольд, Г.Й. Рамстедт, А.Н. Бернштам, Л.Н. Гумилевтің еңбектерінен кездестіре аламыз. В.В. Бартольд (2015) түркі халықтарының тарихы туралы жариялаған дәрістерінде түркі қағанатындағы лауазымдарға сипаттама беріп, кейбіреуінің шығу тегі туралы болжамдар жасайды. Г.Й. Рамстедт (Ramstedt, 1951) өз мақаласында ғұндардағы *shan-ju*, түркілердегі *qan*, *qagan*, *tarqan*, *tkin*, *beg*, *tutuq*, *čor*, *baga* сияқты лауазымдарға тоқталады. Ғалым түркі және моңғол тілдеріндегі лауазым атауларының қатарына ескерткіш мәтінінде кездесетін *qapgan*, *qaryugan* сөзін де қосып, Тоныкөк ескерткішінде кездесетін Қапаған қаған есімін лауазым ретінде есептеген. Берілген сөзді лауазым атауы емес, жалқы есім деп таныған жөн. Ескерткіштерде осы сияқты *Bilgä qayan*, *İltäriš qayan*, т.б. антропонимдер кездеседі.

А.Н. Бернштам (1946) мен Л.Н. Гумилев (1994) еңбектерінде түркілердің қоғамдық-саяси жағдайы, әкімшілік бөліністер мен оларды басқарушылар, лауазым иелері тарихи жағынан талданады.

Тақырып бойынша А. Bombaci (1974), И.Н. Шервашидзе (1990), С.Г. Кляшторный (2006), Н.İ. Erkoç (2008), А.В. Кубатин (2016), М. Kahraman (2021) т.б. зерттеушілердің еңбектері бар.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі кірме лауазым атаулары туралы Н. Ecsedy (1965), И.Н. Шервашидзе (1990), V. Rybatzki (2000) сияқты зерттеушілердің мақалалары бар. Н. Ecsedy (1965) өз зерттеуінде ескерткіштерде кездесетін *taysi*, *sanun*, *čegši*, т.б. атауларға талдау жасай-

ды. Ғалым *tutuq* лауазымының да қытай тілінен кіргенін айтады, бірақ та осы сөздің түбіріне назар аударатын болсақ, атаудың кірме емес, төл сөз екенін анықтауға болады. V. Rybatzki (2000) көлемді мақаласында ескерткіштердегі антропонимдерге талдау жасайды, олардың этимологиясын көрсетеді. Жұмыста лауазым атауларына қатысты да пікір білдіреді.

Қазіргі түркі тіл білімінде жекелеген лауазым атаулары да кеңінен зерттелуде, соның ішінде тархандар (Choi, 2000), бұйрықтар (Ерқош, 2023), т.б. туралы еңбектерді ерекше атай аламыз.

Соңғы жылдары жарық көрген отандық зерттеушілердің еңбектерінен «Кодекс куманикус» жазба ескерткішіндегі лауазым атаулары туралы мақалаларды (Серкебаева, 2023), қазіргі қазақ тіліндегі антропонимдердегі *хан*, *бек*, *бай* сөздерінің десемантизациясы туралы мақалаларды (Темиргазина, Андрющенко, 2023) атауға болады. Қазіргі түркітану ғылымында көне түркі дәуіріндегі лауазымдар лингвистикалық, тарихи аспектіде зерттеліп жатыр.

Нәтижелер мен талқылау

Орхон-Енисей ескерткіштерінде кездесетін лауазым атауларын ғалымдар түрліше жүйелейді. G. Doerfer (1965) лауазым атауларын бес топқа ажырату керек дейді: 1) аксүйектер (*caγan, can, tegin, bāg*); 2) қағандардың есімдері (*türk bilgä caγan, el caγan, buγra can m.б.*); 3) қағандарға айтылған теңеулер (*tāγri-tāg tāγri yaratmīš, m.б.*); 4) құрметті атақтар мен лауазымдар (*tarcan, batur, ičräki, boila, šadapı*); 5) ресми лауазым атаулары (*tegin, yabγu, šad, čor, eltäbär, totuq, tudun, buirūq, erkin, ügä, sü baši*). Ғалымның қағандардың есімдері мен оларға айтылған теңеулерді жеке топ ретінде бөліп көрсетуі лауазым атауларынан ажыратуға мүмкіндік береді. Билеушілердің жеке қасиеттері мен еңбектеріне байланысты берілген есімдер мен теңеулердің лауазым атауларына жатпайтыны анық. Есімдер мен теңеулерге жалқылық, бірегейлік тән болса, лауазым атауларына жалпылық тән, белгілі-бір қызмет иесін көрсетіп тұрады.

А.В. Кубатин (2016) 40-қа жуық лауазым атаулары мен 50-ден астам эпитеттерді ресми (әкімшілік, әскери) және әлеуметтік (діни, құрметті атақтар) деп бөледі. Н.І. Ерқош (2008) лауазым атауларын хан тұқымынан шыққан ер адамдар (*yabγu, šad, tegin*), әйел адамдар

(*katun, kunçuy*), мемлекеттік лауазымдар (*apa, ayguçi, bilge beg, buyruk, çabiş, ilteber, šadapı, tarkan, m.б.*), хан маңайындағы адамдар (*tougun, tamgaçi, tamgan*) деп, ал М. Kahraman (2021) лауазым атауларын жоғары лауазымдар (*yabγu, šad, tegin, m.б.*), әскери лауазымдар (*alp, alpagut, böke, m.б.*), әкімшілік лауазымдар (*ayguçi, бага, bedizci, m.б.*), сындық лауазымдар (*Bilge, Kapgan, Qutlug, m.б.*) деп бөледі.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі лауазым атауларын қызметіне қарай үш топқа бөлуге болады: 1) жоғары лауазымдар; 2) әкімшілік лауазымдар; 3) әскери лауазымдар. Жоғары лауазым өкілдеріне хан тұқымынан тараған, мемлекетті басқару ісіне араласатын *qayān, qan, yabγu, šad, tegin* сияқты лауазымдарды жатқызсақ, әкімшілік лауазым өкілдеріне хан тұқымынан шықпаса да, мемлекет ісімен айналысатын *aγjučī, tarqan, bujruq* сияқты лауазымдарды да, *ältäbir, čor, tutuq* сияқты жергілікті билеушілерді де жатқызуға болады. Аталған лауазымдардың әскери іске қатысы барын ескере отырып, арнайы әскери лауазымдары мен әскерилердің түрлеріне *jayičī, sü baši, körüg, qaraγu*, т.б. жатқызуға болады.

Qayān

Қаған – түркілердегі ең жоғары лауазым иесі. Түркілерде қағандарын ақ киізге көтеріп, елге басшыны жариялау рәсімі болған (Гумилев, 1994: 51). Ескерткіштерде *Bumīn qayān, İltäriš qayān, Böγü qayān, İnäl qayān, türk Bilgä qayān, Qaraγan qayān, Baz qayān* есімдері кездеседі.

Г.Й. Рамштедт *qayān* сөзі қытай деректеріне сүйеніп *ke-kuan* «ұлы хан» деген сөзден шықты деп есептейді (Ramstedt, 1951: 62). Қолданысына қарай *qayān* сөзі *хандардың ханы* деген мағынаны берсе керек. Көне түркі жазбаларында кездесетін *qayān* мен *qan* сөздерінің байланысынан осы лауазымдардың түркінің төл сөздері деген ой қорытуға болады.

Мәтіндерде *alp qayān* – батыр қаған, *küclüg qayān* – күшті қаған, *bilgä qayān* – дана қаған, *küclüg qayān* – танымал қаған, *biligsiz qayān* – біліксіз қаған, *jablaq qayān* – жаман (қорқақ) қаған, т.б. сияқты тіркестер кездеседі.

Qayān сөзінен *-la* жұрнағы арқылы *qayānla, -sira, -sirä* жұрнағы арқылы *qayānsira* сияқты етістіктер жасалады: *qayānladıq qayānın jütürü idmīš* (КТҮ. 7) – және де хан көтерген қағандарын жойынты; *jäti jüz är bolip älsirämīš qayānsiramīš bodunū* (КТҮ. 13) – жеті жүз ер

жиылып, ел-жұрттан қағанынан айырылған халықты¹.

Qan

Ескерткіш мәтіндерінде билеушіні *qan* деп атаса, ең жоғарғы билеушіні *qayan* деп көрсетеді. Тоныкөк ескерткішіндегі *qan* және *qayan* сөздерінің қолданысына назар аударып көрейік. Ескерткіште *türk bodun qanin bolmajin tabıačda adıriltı qanlantı* (Тон. 2) – *Түрік халқы ханы болмай тұрып, қытайдан бөлінді, ханын сайлады* деген жолда *qan* сөзі бір ғана ұлыстың билеушісі деген мағынада қолданылып, қытайдың қол астында болып, одан бөлініп шығып, қайта бағынған кезеңді баяндайды. Бірнеше ұлысқа басшы болғанда, ел құрғанда *qayan* лауазымы қолданылған: *bilgä tıñıuıq boıla baıa tarqan birlä il-täriš qayan bolajin* (Тон. 6-7) – *Дана Тоныкөк бойла баға тарқанмен бірге Елтеріш қаған болайын. Ал кейбір ескерткіштерде екі лауазым атауы бірінің орнына бірі қолданыла береді.*

П.М. Мелиоранский (1899) түркілердің басқару жүйесін былай көрсетеді: «Такимъ образомъ мы получаемъ, кажется, такую градацію: 1) қаған (улуғ қаған) 2) кішіг қаған 3) жабғу (улуғ шад) 4) шад (кішіг шад)». Ғалым түркілердегі қағаннан кейінгі жоғары лауазымдар *jabyu* мен *šad*-ты улуғ шад және кішіг шад деп көрсеткен. *Jabyu* мен *šad* қағанның бауырлары мен ұлдарынан тағайындалған. Ескерткіштерде мынадай жолдар кездеседі: *tölis tarduš (bodunıy anta ätmiš) jabyuy šadiy anta bärmiš* (КТү. 13-14) – *Сол кезде төлес, тардуш халқын орнықтырыпты, ябғу мен шадты сонда берінті.* Ескерткіш мәтіндерінен төлестердің шығысты, тардуштардың батысты мекендегенін білеміз, үзіндіде соларды басқару үшін қаған *jabyu* мен *šad* лауазымдарын тағайындағаны айтылған.

Šad

Лауазым атауы иран тілінен кірген деп есептейтін зерттеушілер (Clauson, 1972: 866; Bombaci, 1974; Шервашидзе, 1990: 87) және түркілерге жужандардың тілінен кірген (Doerfer, 1965) деп есептейтін зерттеушілер бар. Ескерткіш мәтіндерінде *šad* өз әскері бар, қарауында еншілі аумағы бар ханзадалар деген мағынада қолданылады. Зерттеушілер қаған болу үшін

алдымен ханзадалардың *šad* болатынын айтады. Ескерткіш мәтіндерінен Қапаған қағанның тұсында Білге қағанның қаған болмай тұрып, тардуштарға шад болғанын көреміз: *sü baši inäl qayan, tarduš šad barzun tädi* (Тон. 31) – «...Әскер бастығы болып Інел қаған мен тардуш шады барсын!» – *dedi ol; äcim qayan olurtuqda öziim tarduš bodun üzä šad ärtim* (КТү. 17) – *Ағам қаған отырғанда, өзім тардуш халқына шад едім; мен тоғыз jägirmä jil šad olurtim, men toғыз jägirmä jil qayan olurtim, il tutdim* (БҚ 9) – *Мен он тоғыз жыл шад болдым, мен он тоғыз жыл қаған болдым, ел басқардым.* Ескерткіштерден *šad* атағын қағанның тағайындайтыны да анық көрінеді: *täñrikängä išig bärting täjin jarliqamiš šad atıy anta bärmiš* (О. 6) – «*Жарылқаушыға еңбек сіңірдің*» деп, ол (қаған) жарылқаған еді. Шад атын сонда (әкеме) берген.

Лауазым жағынан *šad*-тың *jabyu*-дан кейін тұратынын мәтінде кездесетін реттілігінен білуге болады: *qayanin tutdimiz. jabyusin šadin anta ölürti. äligčä är tutdimiz* (Тон. 41-42) – *олардың қағанын ұстадық, ябғусы мен шадын сол жерде өлтіріп, елу шақты ерді тұтқындадық.* В. Томсен Қапаған қаған Білге қағанға *šad* лауазымын он төрт жасында бергендігін, сол себепті қытай жазбаларында оны *kishi šad* деп атағанын айтады (Thomsen, 1924).

Šadapit

Лауазым атауының шығу тегіне байланысты түрлі пікірлер бар. G. Clauson (Clauson, 1972: 867) *šadapit* сөзі *šad* және *apit* сөздерінің бірігуі арқылы жасалып, «шадтың айналасындағылар» деген мағынаны береді дейді. И.Н. Шервашидзе (Шервашидзе, 1990: 88) лауазым атауының түбірін *šadap* деп алып, шығу тегін соғдылармен байланыстырса, А. Bombaci көне иран тіліндегі **sata-pati* «жүзбасы» деген сөзбен байланыстырады.

Šadapit лауазымы *šad* және *apa* сөздерінің бірігіп, көптік мағына беретін *-t* формасының жалғануы арқылы жасалған. Бұл жердегі *apa* сөзі метафораланып, қазіргі қазақ тіліндегі *аға оқытушы, төраға, т.б.* лауазым атауларындағы *аға* сөзі сияқты «үлкен» деген мағынаны береді (Абитжанова, 2014: 41). Сөз соңындағы *-t* формасы көптік мағынаны білдіреді (Томанов, 2023: 167). Мысалы: *tarqan – tarqat, türk – türküt, tägin – tägit.* Ескерткіш мәтінде *birijä šadapit bäglär jiraja tarqat bujruq bäglär otuz (tatar)* (КТк. 1) – *оң жағымдағы шадапыт бектер, сол жағымдағы тарқан – бұйырушы бектер, отыз (татар)*

¹ Мақалада ескерткіштен алынған мысалдар А.С. Аманжоловтың (Аманжолов, 2012) оқылымы мен аудармасы бойынша берілді. Білге қаған, Күлічор, Мойынчор ескерткіштерінен алынған мысалдар Ғ. Айдаровтың (Айдаров, 1990) аудармасы бойынша берілді.

деген жолдан көптік мағынада қолданылғанын, сондай-ақ берілген үзіндіден *šadapit* лауазымының *tarqat* пен *bujruq* лауазымдарынан жоғары екенін аңғаруға болады.

Tägin

Көне түркі жазба ескерткіштерінде ханзаларды *tägin* (*tigin*) деп атаған. Ескерткіш мәтіндерінде *Kül tigin*, *Jollıy tigin*, *Toña tigin*, *Jaruq tigin* есімдері кездеседі. *Tägin* лауазымының этимологиясына байланысты түрлі пікірлер бар. М. Қашқари сөздігінде *tägin* сөзінің бастапқы мағынасы *құл* болған деп көрсетіледі. Ғалым оны былай түсіндіреді: «Бұл аттың келе-келе Афрасиаб ұлдарына көшкеніне келсек, олар өз ата-бабаларын аса құрметтеп, үлұғ тұтқандықтан, атасына бір істі айтқанда, не хат-хабар жаза қалса, өздерін кішік ұстап, ата-бабаларын ұлықтап, қадірлеп «құлыңыз былай істеді; құлыңыз солай етті» дейтін (яғни, “құлыңыз” дегені “тегін”). Кейін осы сөз оларға ат болып қалыптасып қалды» (Қашқари, Т.І., 1997: 474).

Г.Й. Рамстедт *tägin* атауын көне корей тіліндегі *täg* «жақсылық, жақсылық жасаушы» және *in* «адам» деген сөздер арқылы түсіндіреді (Ramstedt, 1951: 64). Е. Chavannes *t'o-kin* (*tägin*) атауының қысқартылған түрі *t'o* деп есептейді (Chavannes, 1973: 40).

Tägin сөзін қазақ тілінде сақталған *тек*, *текті* сөздерімен байланыстыруға болады. Қазіргі қазақ тіліндегі *тек* сөзінің мағыналарының бірі – шыққан негізі, нәсілі, тұқымы. Осы сөзден жасалған *текті* сөзі мынадай мағыналарды білдіреді: 1. Шыққан тегі бір, тұқымдас, тектес. 2. Тегі, шыққан жері жақсы (ҚТТС, 2008: 796). Шыққан жері жақсы, хан тұқымынан тараған, ізгілікті бойына жинаған, жақсы жерден тәрбие алған адамды *tägin* деп атау тектілікпен байланысты болса керек. Сөз соңындағы *-an*, *-un*, *-in* тұлғалары зат атауын білдіреді. Мәтіндерде *tägin* атауының *tägit* деген көпше түрі де ұшырасады (Қашқари, Т.І., 1997: 412).

Qatun

Көне түркі жазба ескерткіштерінде әйел адамдарының арасындағы ең жоғары лауазым *qatun* деп аталған. Тіл білімінде *qatun* атауының шығу тегін иран тілімен байланыстырған пікірлер бар (Gabain, 1950: 309; Шервашидзе, 1990). Орхон ескерткіштерінен лауазым атауына қатысты *qañim il-täriš qañanïy ögüm ilbilgä qatunïy täñri töpäsintä tutup jögärü kötürmiş ärinč* (КТү. 11) – Тәңірі әкем Елтегіш қағанды, анам Елбілге

қатунды төбесінен тартып, жоғары көтерген деген мысалды кездестіруге болады. *Qatun* сөзі ортағасырлық шығармаларда да, Алтын Орда дәуіріндегі ескерткіштерде де әйел адамдарының арасындағы ең жоғары лауазымды білдірген.

Qunčui

Көне түркі жазба ескерткіштерінде қағанның қыздарын, ханшайымдарды *qunčui* деп атаған (Древнетюркский..., 2016: 545). *Qunčui* атауының шығу тегін қытай тіліндегі *kung-chu* сөзімен байланыстырады (Ecsedy, 1965). Енисей ескерткіштерде ... деген мысалдардан *qunčui* сөзінің «» мағынасында қолданылғанын көреміз.

Bäg

Ортағасырлық жазба ескерткіштерінде жиі кездесетін *bäg* сөзінің көне түркі жазба ескерткіштерінде маңызы орын алады. Қаған мен халықты байланыстырушы, әрі әкімшілік, әрі әскери қызметті қатар атқаратын лауазым түрі ескерткіш мәтіндерінде, басшы, ақсүйек, билік иесі мағыналарында жұмсалады. *Bäg* сөзінің этимологиясы ғылымда кеңінен зерттелген, жан-жақты талданған. Қазіргі қазақ тіліндегі *бай*, *би* сөздерінің, түрік тіліндегі *бей* сөзінің *bäg* сөзінің өзгерген формасы екені де анық. Жұмыс барысында *bäg* сөзінің ескерткіштер тілінде *tarqat*, *bujruq* сияқты лауазым атауларымен тіркесіп келіп, *билік иесі* мәнінде де жұмсалғанына назар аударғымыз келеді: *birijä šadapit bäglär jiraja tarqat bujruq bäglär otuz (tatar)* (КТк. 1) – оң жағымдағы шадапым бектер, сол жағымдағы тарқан-бұйырушы бектер, отыз (*tatar*). Қазақ тілінде де биге қатысты *әділ би*, *төбе би*, *бас би*, *аға би*, *сүбе би*, *алқа би*, *дарғы би*, *бала би*, *тура би*, *сұңғыла би*, *т.б.* сияқты тілдік қолданыстар бар. Осы мысалдардан да *билік иесі* мағынасының алда тұрғанын көруге болады.

Ajyučï

Ajyučï – қағанның кеңесшісі, ақылшысы. Лауазым атауы *aj* (*айту*, *сөйлеу*, *атау*) деген етістікке мамандық, кәсіп атауын жасайтын *-čï* өнімді жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Тоныкөкке қатысты айтылған сөздің кеңес айтушы, ақыл айтушы деген уәжі анық байқалады. Ескерткіште *qañanï alp ärmış, ajyučisï bilgä ärmış* (Тон. 10) – Қағаны батыр екен, ал оның ақылшысы білгір екен, *anta ajyučï jämä bän ök ärtim, jayčisï jämä bän ök ärtim* (Тон. 49-50) – Сондағы

ақылышысы да мен едім, әскердің қолбасшысы да мен едім деген жолдарда кездеседі.

Tarqan

Көне түркі жазба ескерткіштерінен *Bilgä Sabra Tamyan tarqan* (О. 4), *Oγul tarqan* (КТү. 52), *Taman tarqan* (БҚ II.15) есімдері ұшырасады.

М. Қашқари *tarqan* сөзіне исламнан бұрын арғуша «Бек» деген мағынада қолданылған есім деген анықтама береді (Қашқари, Т.1., 1997: 494). Осыдан ортағасырларда да *tarqan* сөзі өз мағынасын сақтап, ақсүйек, билеуші ретінде қолданылғанын көреміз.

Tarqan лауазымына байланысты жазылған ғылыми жұмыстар аз емес. Ғалымдардың бір тобы *tarqan* атауын моңғол тіліндегі *darqan* «темірші» сөзімен байланыстырып, түркілердің жужандардың қол астында темір өндіргенін айтып, түркілерге дейін пайда болған деп түсіндіреді. Лауазым атауының түркілерге дейін ғұндарда болғаны туралы (Karatajev, 2021: 25), скифтерден қалғаны туралы ғылыми пікірлер бар. Ғалымдардың екінші тобы атаудың түпнегізін қытай немесе корей тілдерімен байланыстырады. Г.Й. Рамстедт (Ramstedt, 1951: 63) бірінші буындағы *tar-*, *dar-* қытай тіліндегі *ta* «білгір, сарапшы» деген сөзбен байланысты дейді. Ғалым *tarqan* «ізгі, құрметті» деген мағынаны беріп, моңғол тіліндегі «салықтан босатылған» деген ұғымы кейін ұсталардан салық алынбайтындықтан «темірші, ұста» деген мағынаны беріп кеткен дейді. Н.В. Choi (Choi, 2000: 110) түркілердегі теміршілік пен бақсылық туралы дастандар мен аңыздарды корей халқының шаманизм үлгілермен байланыстырып, корей тіліндегі *tarho-*, *tarku-*, көне түркі тіліндегі *tarqan*, моңғол тіліндегі *darqan* сөздерінің шығу тегі бір деген қорытынды жасайды.

Ғалымдардың келесі бір тобы *tarqan* түркінің төл сөзі деген пікір білдіріп, этимологиясына қатысты өз болжамдарын ұсынады. А. von Gabain (Gabain, 1950: 60-61) *tarqan* лауазымы *tar* және *qan* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған ақсүйектердің жоғары лауазымы деген анықтама беріп, осы түбірге *-im* тұлғасының жалғануы арқылы *tarim* деген әйел адамның да лауазымы жасалатынын көрсетеді. Лауазым атауын көне түркі тіліндегі *tar* (*тарату*, *тарқату*, *жаю*) етістігімен байланыстыруға болады (Древнетюркский..., 2016: 569). *Tarqan* әскери жорықтарда, соғыс кезінде әскери күшті бөлу, тарату, басқару қызметімен айналысқанын ескерткіштегі мысалдар дәлелдей түседі: *apa tarqanγaru ičrā sab idmīš*:

bilgä tuñuquq añıγ ol, üz ol añlar sü jorilim tädäči unatañ (Тон. 34-35) – *Ана тарқанға (қолбасшыға) ол жасырын хабар жіберді: «Дана Тоныкөк өте қатал да ашулы. Ол шабуылға шығуды сұрайды. Келіснел!»*. Осы үзіндідегі *apa tarqan* лауазымы *tarqan* атауына «үлкен, басшы, аға» мағынасындағы *apa* сөзінің тіркесу арқылы жасалған әрі әкімшілік, әрі әскери лауазым. Қазіргі қазақ тілінде лауазым атауларын жасауда *аға* сөзі осы мағынада, көне түркілік *apa* сөзінің орнына жұмсалады: *аға есепші*, *аға лейтенант*, т.б. Академик Р. Сыздық *аға* сөзінің ертеректе басшыға, оның ішінде әскери басшыға айтылатын дәреже мағынасын білдіргенін Шалкиіздің толғауынан «*Батыр жігіт жау бастар, Аға жігіт қол бастар*», Махамбет ақыннан «*Исатай деген ағам бар, Ақ кіреуке жағам бар*» деген мысалдармен дәлелдейді (Сыздық, 2014: 14). Ескерткіштердегі *apa tarqan* лауазымдағы *apa* сөзінің әскери адамға қолданылатын мағынасы *аға* сөзінде сақталған.

Bojla baya tarqan. Көне түркі жазба ескерткішінде *bojla baya tarqan* атауы Тоныкөк есімімен қатар келіп, Тоныкөкке қатысты қолданылған: *bilgä tuñuquq bojla baya tarqan birlä il-täriš qaγan bolajin* (Тон. 6-7) – «*Дана Тоныкөк бойла баға тарқанмен бірге Елтеріш қаған болайын*» (деді); *tuñuquq bojla baya tarqan ulaju bujruq...* (БҚ II. 14) – *Тоникүк, бойла баға тарқан оларға ұласқан буйруқ...* Е. Аудын (2019) осы үзінділердегі *bilgä* сөзі Тоныкөктің лауазымын білдірсе, *bojla baya tarqan* атаулары жеке-жеке санамаланып келіп, лауазымын анықтап түр деген қорытынды жасайды. Ғылыми еңбектерде лауазым атауындағы *bojla* сөзіне «судья» деген анықтама берілген (Батманов, 1971: 35). Ал *baya* атауын *батыр* мағынасындағы *bayatur* сөзімен, ескерткіштердегі *bäg* сөзімен, түркі тілдеріндегі *масбақа* мағынасындағы *baqa* сөзімен де байланыстырған пікірлерді кездестіруге болады. Ескерткіштерде *baya täñrikän* деген де тіркес кездеседі: *qañim baya täñrikän äjin anta jorimīš išig küčin bärmiš ärti* (О. 5) – *Әкем «баға» жарылқаушы (мәртебесі биік, тәңірідей, дана) ұлыққа еріп, жортып жүрген еді, еңбегін, күш-қуатын берген еді*.

Ескерткіш мәтіндерінде *tarqan* лауазымы көпше түрде *tarqat* (КТк. 1) тұлғасында кездеседі. Қазақ даласында *tarqan* атауының XVIII ғ. да лауазым атауын білдіргенін айта кеткен жөн.

Tutuq

Лауазым атауының түркілердің төл сөзі деген пікір ойға қонымды. Себебі *tutuq* лауазымын

tut етістігіне *-uγ*, *-üg* формасы жалғанып пайда болды деуге болады. Көне түркі сөздігінде *tut* сөзіне мынадай анықтама берілген: «TUT- I. 1. держать, держаться; 2. брать, хватать, браться; 3. ловить, захватывать (в плен); 4. придерживаться чего-либо, проводить, держать, соблюдать, следовать чему-либо; 5. хранить, беречь; 6. держать, иметь при себе; 7. содержать, обращаться с кем-либо» (Древнетюркский..., 2016 626-627). Етістіктің *ұстау* мағынасының ауыспалы түрде *елді ұстау*, *ел тізгінін ұстау* деген мағынасына қимыл иесін білдіретін *-uγ*, *-üg* формасы жалғану арқылы *елді ұстаушы*, *басқарушы* мағынасындағы *tutuq* сөзі жасалған. Ескерткіштерде мынадай мысалдар кездеседі: *ülüg tutuq içim kişi qıldı* (Е 6.2) – *Үлкен ағам Үлүг Тұтық (мені) адам қылды*.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде әскери лауазымдарға *sü baši*, *biñ baši* сияқты атауларды, әскери лексика қатарына *körüg*, *qaraγu*, *tilyü* (*til*) сияқты атауларды жатқызуға болады. Ескерткіштер тілінде *әскер*, *қол* мағынасындағы *sü* сөзі мен *басшы*, *жетекші* мағынасындағы *baši* сөздері арқылы *sü baši*, осы үлгі арқылы жасалған мыңдықты, мың жауынгерді басқаратын *biñ baši* деген лауазым атауларының уәжі айқын, анық байқалады. Мысалы, ескерткіштерде *sü baši inäl qayan*, *tarduš šad barzun tädi* (Тон. 31) – «*Әскер бастығы болып Інел қаған мен тардуш шады барсын!*» – *dedi ol*.

Körüg

Көне түркі дәуірінің әскери лексикасында *körüg* сөзі *барлаушы*, *тыңшы* деген мағынаны білдірген. *Körüg* сөзі *kör* етістігіне *-uγ*, *-üg* формасының жалғануы арқылы жасалған. А. von Gabain *-uγ*, *-üg* формасын етістіктен есім сөздерді жасайтын форма ретінде көрсетіп, етістіктің нәтижесін, қимыл иесін білдіретінін айтады (Gabain, 1950: 70). *Körüg* сөзінде бұл форма барлап келетін, көріп келетін адамды, яғни қимылдың иесін білдіріп тұр. Ескерткіштерден *türgaš qayanta körüg kälti* (Тон. 29) – *Түргеш қағанынан тыңшы келді; үш körüg kişi kälti, sabi bir: qayanı sü taşıqdı* (Тон. 33) – *Үш тыңшы келді, сөздері бірдей: «Олардың қағаны әскерімен соғысқа түсті»* деген мысалдарды келтіруге болады.

Qaraγu

Ескерткіш мәтіндерінде *қарауыл* мағынасындағы *qaraγu* атауы *qara*, *qarau* етістігінен

жасалған. *Qaraγu* атауы Тоныкөк ескерткішінде *jälmä qaraγu ädğüiti urııl* (Тон. 34) – *Амты шабуылға шықпа, қарауылды жақсылап ұста; arquj qaraγuı ulıartdım* (Тон. 53) – *Мен қарауыл мен алдағы күзетті көбейттім* деген мысалдарда *қарауыл* мағынасында жұмсалғанын көреміз.


Tilyü (til)

Көне түркі жазба ескерткіштерінде әскери жағдайға байланысты атаулардың қатарына жаудан алынған тұтқын мағынасындағы *tilyü* (*til*) атауын жатқызуға болады. М. Қашқари сөздігінде «Тіл: жау жақтан алынатын “тіл”; Тіл тұттым – Тіл ұстадым; Яғни дұшпанның жай-жапсарын білу үшін тұтқын ұстадым» деген анықтама берілген (Қашқари, Т.1., 1997: 394).

Орхон бойынан табылған көлемді жазба ескерткіштер мен эпитафиялық сипаттағы көлемі шағын Енисей ескерткіштерінде лауазым атауларының кездесу жиілігінде айтарлықтай айырмашылықтар бар (1-сурет).

Зерттеу барысында Енисей бойынан табылған ескерткіштерде² *qayan* атауының кездеспейтіні, ал Орхон бойынан табылған ескерткіштерде *qayan* және осы сөзден жасалған туынды сөздердің 154 рет кездесетіні анықталды. Оны Енисей жазбаларының жергілікті билеушілерге арналып, эпитафиялық сипатта жазылғанымен байланыстыруға болады. Ал Орхон ескерткіштерінде *qayan* лауазымының жиі кездесуі ескерткіштердің тарихи оқиғаларды баяндап, ірі тарихи тұлғаларға арналып қойылғанына байланысты. Ескерткіштерде ең жиі кездесетін лауазым атауларының қатарына *qayan*, *bäg*, *tägin* атаулары жатады. Лауазым атауларының ішінен осы атаулардың жиі кездесуі ескерткіштердің мазмұнына және берілген атаулардың жоғары лауазымды білдіруіне байланысты болса керек. Мәселен, Күлтегін ескерткішінде *tägin* атауы 35 рет кездеседі. Ал аз кездескен лауазым атауларына *bojla baya tarqan*, *šadapit*, *ajüiči* лауазымдары жатады. Тоныкөкке байланысты қолданылған *ajüiči* атауы Тоныкөктен басқа ескерткіштерде кездеспейді. Сонымен қатар *čor/čur* атауының Күлічор ескерткішінде көп кездесетіні де лауазым атауларының қолданыс жиілігі ескерткіш мазмұнына, жазбаның кімге арналғанына, қай тарихи оқиғаларды баяндайтынына тікелей байланысты екенін анық көрсетеді.

² Атап айтқанда, Е 1, Е 3, Е 6, Е 7, Е 11, Е 13, Е 45, Е 46, Е 49, Е 50, Е 51 Е 53, Е 59, Е 98 ескерткіштері.



1-сурет – Ескерткіштердегі лауазым атауларының кездесу жиілігі

Қорытынды

Көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін лауазым атаулары ортағасырлық түркі мемлекеттерінің құрылымы туралы толық ақпарат береді. Зерттеу барысында жазба ескерткіштеріндегі *qayan*, *qan*, *jabyu*, *šad*, *tägin*, т.б. лауазым атауларының қолданылуы талданып, шығу тегіне қатысты ғылыми пікірлер сараланды.

Ескерткіштерде лауазым атауларының кездесуі жиілігі анықталып, себептері түсіндірілді. Көлемді жазба ескерткіштерінде тарихи оқиғаларды сипатталып, ортағасырлық тарихи тұлғалардың еңбегі мен ерлігін баяндалатындықтан, ескерткіштерде лауазым атауларының ішінен *qayan* лауазымы ең көп кездеседі. Көне түркі ке-

зеңіне тән лауазым атауларының түркі тілдерінің даму тарихының келесі кезеңдерінде қаншалықты сақталғаны, қазіргі түркі тілдерінде осы лауазымдардың кездесуіне байланысты алдағы зерттеулер лауазым атауларын терең тануға арналған жұмыстардың жалғасы болары сөзсіз.

Белгілеулер мен қысқартулар

КТү. – Күлтегін ескерткіші. Үлкен жазу

КТк. – Күлтегін ескерткіші. Кіші жазу

Тон. – Тоныкөк ескерткіші

БҚ – Білге қаған ескерткіші

Е – Енисей бойынан табылған ескерткіштер

О. – Онгин ескерткіші

МЧ – Мойынчор ескерткіші

КЧ – Күлічор ескерткіші

References

- Abitzhanova, Zh.A. (2014). Orkhon-Enisei eskertkishteri tilindegi metaforalardıń uızhdılıǵı men semantıkasy. [Motivation and semantics of metaphors in the language of Orkhon-Yenisei monuments]. Almaty. (in Kazakh)
- Aidarov, G. (1990). Orhon eskertkishterinin teksı [Textus of Orkhon monuments]. Almaty. Gylım. (in Kazakh)
- Amanzholov, A.S. (2012). Turki filologiasynyn negizderi [Fundamentals of Turkic philology]. Almaty. Mektep. (in Kazakh)
- Ashimbaeva, N.M. (2009). Baiyrgy qazaq qogamyndagı ataqlauazym ataularynyng tildik sipaty [Linguistic character of titles and positions in the indigenous Kazakh society]. Filol. gyl. kand. ...diss. [Dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences]. Almaty. (in Kazakh)
- Aydın, E. (2019). On the name and titles of Tonyuquq. Türkbilig, Vol. 37, P. 1-10. [Electronic resource]. URL: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/991592> (Date of use: 02.03.2025)
- Bartol'd, V. (2015). Tyurki. Dvenadtsat' lektzii po istorii tyurkskikh narodov Srednei Azii [Turks. Twelve Lectures on the History of the Turkic Peoples of Central Asia]. Moscow. Lomonosov. (in Russian)

- Batmanov, I.A. (1971). Drevnetiurkskie dialekty i ikh otrazhenie v sovremennykh iazykakh [Old Turkic dialects and their reflection in modern languages]. Ilim. (in Russian)
- Bernshtam, A. (1946). Sotsial'no-ekonomicheskii stroi orkhono-eniseiskikh tyurok VI-VIII vekov. [The Socio-Economic System of the Orkhon-Yenisei Turks of the VI-VIII centuries]. Izd. Akademii nauk SSR. M.-L. (in Russian)
- Bombaci, A. (1974). On the Ancient Turkish Title «Şaδ». Gururajamañjarikā. Studi Onore di Giuseppe Tucci. Napoli, P. 167-193.
- Chavannes, E. (2012). T'ang'lar devrinde, iki türk prensesinin mezar taşı kitabesi. Türk Dili Ve Edebiyatı Dergisi, Vol. 21, P. 37-44.
- Choi, H.W. (2000). A Study of the Ancient Turkic “Tarqan”. International Journal of Central Asian Studies, Vol. 5, P. 104-111.
- Clauson, G. (1972). An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish. Clarendon Press, Oxford.
- Doerfer, G. (1965). Türkische und Mongolische Elemente im Neupersischen. Bd II. [Turkic and Mongolian elements in New Persian. Bd II.] Wiesbaden. (in German)
- Drevnetyurkskii slovar' (2016). [Ancient Turkic dictionary]. Edited by D.M. Nasilov, I.V. Kormushin. Astana. Gylym.
- Ecsedy, H. (1965). Old Turkic Titles Of Chinese Origin. Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae, Vol. 18(1/2), P. 83-91.
- Erkoç, H.İ., (2023). The Old Turkic Title Buyruq Reconsidered. Acta Orientalia, Vol. 76, Iss. 4, P. 543-569. <https://doi.org/10.1556/062.2023.00278>
- Erkoç, H.İ. (2008). Eski Türklerde Devlet Teşkilatı. Basılmamış Yüksek Lisans Tezi. Hacettepe Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü. [State Organization in Ancient Turks. M.A. Thesis.] Ankara. (in Turkish)
- Gabain, A. (1950). Alttürkische Grammatik [Old Turkish Grammar]. Leipzig. (in German)
- Gumilev, L.N. (1994) Kone turikter. [The Ancient Turks]. Almaty. Bilim. (in Kazakh)
- Kahraman, M. (2021). State Formation And The Social Structure Of The Türk Qaganate. Ph.D. Thesis, University of Szeged. Institute of History. Szeged. <https://doi.org/10.14232/phd.10772>
- Karataev, O.K. (2021)7 About ancient political, administrative titles: shanyuy, tarkhan, buyuruk. Journal of History, Vol. 4 (99), P. 21-32. <https://doi.org/10.26577/JH.2020.v99.i4.03>
- Klyashtorny, S.G. (2006). Pamyatniki drevnetyurkskoi pis'mennosti i etnokul'turnaya istoriya Tsentral'noi Azii. [Monuments of Ancient Turkic Writing and the Ethnocultural History of Central Asia] SPb. Nauka. (in Russian)
- Kubatin, A.V. (2016). Sistema titulov v Tyurkskom kaganate: genezis i preemstvennost' [The System of Titles in the Turkic Khaganate: genesis and succession]. Tashkent. Yangi nashr. (in Russian)
- Kyzlasov, I.L. (2011). Kak nazyvali runicheskoe pis'mo sami tyurkskie narody [The genuine ancient Turkic name for the runiform alphabet] Rossiiskaya tyurkologiya, Vol. 2, P. 62-74. (in Russian)
- Melioranskii, P.M. (1898). Ob orkhonskikh i eniseiskikh nadgrobnnykh pamyatnikakh s nadpisyami [About the Orkhon and Yenisei Tombstones with Inscriptions]. Zhurnal Ministerstva narodnogo prosveshcheniya. IMNP, XVII, iyun', otd. 2. P. 263-292. (in Russian)
- Melioranskii, P.M. (1899). Pamyatnik v chest' Kyul'tegina. S dvumya tablitsami nadpisei [A monument in honor of Kultegin. With two tables of inscriptions]. Tipografiya Imperatorskoi Akademii nauk. SPb. (in Russian)
- Qashqari M. (1997). Turk tilining sozdigi: (Diuan lughat-it-turk). V.1. / A.Egeubai. [Dictionary of the Turkish language: (Diwani lugat-it-Turk) V.1.]. Almaty. (in Kazakh)
- Qazaq tilining tusindirme sozdigi (2008) / Editor: T. Zhanuzaqov[Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. Almaty. Dajk-Press. (in Kazakh)
- Ramstedt, G.J. (1951). Alttürkische und mongolische Titel [Old Turkic and Mongolian Titles]. Journal de la société finno-ougrienne. Vol. 55, P.59-82. Helsinki. (in German)
- Rybatzki, V. (2000). Titles of Türk and Uigur Rulers in the Old Turkic Inscriptions. Central Asiatic Journal, Vol. 2 (44), P. 205-292.
- Serkebaeva, G., Boranbayev, S. and Adilbekova, J. (2023). Ethnolinguistic characteristics of obsolete titles of positions in the modern Kazakh language from the written monument ‘Codex Cumanicus’, Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series, Vol. 1, P. 67-75. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-67-75> (in Kazakh)
- Shervashidze, I.N. (1990). Fragment drevnetyurkskoi leksiki. Titulatura [A Fragment of Ancient Turkic Vocabulary. Title]. Voprosy yazykoznaniya. Vol. 3, P. 81-91. (in Russian)
- Syzdyqova, R. (2014). Sozder soileidi [Words speak]. El-shezhire. Almaty.
- Temirgazina, Z., Andryushchenko, O. (2023). Desemantization of the Old Turkic khan, baj, beg in the modern Kazakh anthroponyms. Turkic Studies Journal, Vol. 5(1), P. 131-144. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-1-131-144> (in Russian)
- Thomsen, V. (1924). Alttürkische Inschriften aus der Mongolei, in Übersetzung und mit Einleitung [Old Turkic Inscriptions from Mongolia, in Translation and with Introduction]. Translated by Hans Heinrich Schraeder. Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft, Vol. 78, P. 121-175. (in German)
- Tomanov, M. (2023). Gibratty gumyr [An Instructive Life]. Editor-in-chief Zh.K. Tuimebaev. Qazaq universiteti. Almaty. (in Kazakh)
- Turkic data on the history of Kazakhstan. Volume II. Ancient Turkish stellas and monuments (Orkhon, Yenisei, Talas) (2005), N. Bazylkhan. Almaty, Dyke-Press. 252 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Салқынбай Анар Бекмырзақызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: asalkbek@gmail.com);

Каспихан Бауыржан Каспиханұлы – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: b.kaspikhan@gmail.com).

Information about authors:

Salkynbay Anar Bekmyrzaquzy – Doctor of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: asalkbek@gmail.com);

Kaspikhan Bauyrzhan Kaspikhanuly – PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: b.kaspikhan@gmail.com).

Сведения об авторах:

Салқынбай Анар Бекмырзаевна – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: asalkbek@gmail.com);

Каспихан Бауыржан Каспиханұлы – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: b.kaspikhan@gmail.com).

Келін түсті: 24 тамыз 2025 жыл
Қабылданды: 19 қыркүйек 2025 жыл